

Жамбыл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 7 желтоқсанындағы № 31-3 "Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын және коммуналдық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 қыркүйектегі № 7-9 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 15 қыркүйекте № 5079 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Жамбыл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жамбыл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 7 желтоқсанындағы № 31-3 "Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын және коммуналдық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерін бекіту туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4044 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл аудандық
мәслихат төрағасы*

М. Шайдаев